



ісі»

ңесінде Ы. Букин мен Ғ. Жұмабаевты айыптап сөйлеушілерге қарсы шығып, «Олардың алашорда кезіндегі қызметтерін дұрыс бағаламадыңыздар!» деп жақтап сөйлеген. 1937 жылы «оқу-ағарту саласын алашордашылар мен діншілдер, молдалардан тазарту» жұмыстары кезінде НКВД тарапынан тұтқынға алынып, сотталған. Қылмыстық істе басқа мағлұматтар кездеспейді (БҚО мемлекеттік архиві, 786-қор, 1-тізбе, 225-іс).

Хасан Дабаровтың өмір жолын зерттеу барысында мынадай жайттар белгілі болды. 1937 жылы ақпан-наурыз айларында Хасан Дабаровтың өткізген сабақтарына облыстық, республикалық инспекторлық тексерулер жүріп, үй қамақта болған. Тексерулер нәтижесі «оң» деп танылып, мұғалімдік қызметін қайта жалғастырады. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, «Ерлігі үшін», «Германияны азат еткені үшін» медальдарымен марапатталған. 1946 жылы «Білім беру ісінің үздігі» марапатымен марапатталды. Зейнеткерлікке шыққанша Бұлдырты мектебінде мұғалім әрі кітапханашы болып қызмет етті. Батыс Қазақстан аймағында алғашқылардың бірі болып жеке кітапхана ісін ұйымдастырды. 1982 жылы дүниеден озды.

Тізімде әлі де мұғалімдер бар. Олар – Сапа Тайров, Хасан Жаңатауов, Мария Анисова, Ізім Жаркеев, Қажым Исмолин, Есентай Үсенов, Мәлім Құрманғазиев, Өтеш Байғабылов, Хаби Мәулімбергенов, Әбуғали Күзенов, Кенжеғали Қаратаев, Біләл Қалымбетов және есімі беймәлім үш фамилия – Назаров, Шынаров, Сүйінбаев. Орақтың жүзінде, балғаның астында қалам деп қорықпай, заманының көзіне тура қараған, сол қудаланған Жымпиты оқығандары туралы әлі талай жазылуы тиіс.

Мұқат АРЫСТАНОВ,
Қ. Мырзалиев атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі,
Сырым ауданы

Әлеуметтік қызметкер –

қоғам жанашыры



Алғашқы кезде Круглоозерный арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына хатшы болып жұмысқа тұрдым. Кейін әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман қызметіне ауыстым. Адалдық пен мейірімділікті ана сүтімен, сабырлылық пен шыдамдылықты әке тәрбиесінен санама сіңіріп өскен маған өзіме жүктелген қызметті әрі қарай алып кетуіме еш қиындық туғызбады. Орталығымызда-

ғы қызмет алушыларымыз қызметкерлердің қамқорлығына, бағыт-бағдар беруіне, ақыл-кеңесіне зәру. Оларға мүмкіндігі шектеулі жандар деп қарамаймыз. Әрқайсысының мінез-құлқын зерттеп, іс-қимылын, әрекетін саралап, жан дүниелеріне үңілу арқылы дамытуға тырысамыз. Кейде қарапайым адами қарым-қатынастың өзі – қамкөңіл жандардың көңіліне демеу.

Көптеген қызмет алушы-

ның туыстарын әлеуметтік желілер арқылы тауып, оларды табыстырамын. Көптен кездеспей, аралары үзіліп қалған бауырлар арасына байланыс орнату арқылы өзімді үлкен бір сауапты іс атқарғандай күй кешемін. Орталық тәрбиеленушілерінің уақытымен тиісті ем-домын алуларын орталық дәрігерлерімен бірлесіп, бақылауға аламыз. Заман талабына сай киім-кешекпен қамтамасыз етіп, қажет ететіндеріне көзілдірік әперіп, кей қызмет алушының тістерін емдету де назарда. Ондайда олардың жүзінен қуаныш пен ризашылықты көрудің өзі бір ғанибет.

Өзім жауап беретін қызмет алушылардың дәптерлерін, ұқыпты ұстап, аты-жөнін жазуды үйреніп, тырысып жатқандарын көріп, еңбегімнің еш кетпегенін түсінемін. Өзім спортқа, волейболға жақын болғандықтан, орталықтың тәр-

биеленушілерін де спорттық ойындарға бейімдеп, қызығушылығын арттыруға тырысамын.

Иә, әлеуметтік қызметкер жұмысы үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әр көмекке мұқтаж жанға дер кезінде рухани, психологиялық, медициналық, заң ауқымында көмек беруге дайын болуымыз керек. Өз міндетімізді адал, мүлтіксіз орындау бұл менің Отан алдындағы ар-ұятым, алдымдағы адами парызым деп білемін. Алдағы еңбек жолымда әріптестерімен бірге талмай ізденіп, еңбектене беремін.

Айымгүл АХМЕТОВА,
Круглоозерный арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманы

ECSAD» ЖШС 2025 жылғы 25 қарашада сағат 15:00-де 2025-2026 жылдарға арналған экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар топтамасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды: Шекті жол берілетін шығарындылардың нормативтері жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі – Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылдық округі аумағында мұнай қалдықтарын биологиялық ремедиация (БР) әдісімен залалсыздандыруға арналған уақытша алаңдар.

Географиялық координаттары: 1) солтүстік ендік: 49°02'51.45957", шығыс бойлық: 51°46'19.45060"; 2) солтүстік ендік: 49°03'07.62079", шығыс бойлық: 51°46'20.76954"; 3) солтүстік ендік: 49°03'08.31392", шығыс бойлық: 51°46'01.09874"; 4) солтүстік ендік: 49°02'52.15262", шығыс бойлық: 51°45'59.78157". Жоспарланған қызмет нысанына ең жақын елді мекен – Тайпақ ауылы.

Қоғамдық тыңдаулар өтетін орны:

мәдениет үйі, мекенжайы: Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылдық округі, Тайпақ ауылы, Бақтығали Бисенов көшесі, 34. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүргізіледі. Сондай-ақ Zoom платформасында бейнеконференция ұйымдастырылады. Қосылу сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/3589615312?pwd=SnbAHoqroVlxCb1hsILpXVObSmSBvV.1&omn=87236968981> Конференция идентификаторы: 358 961 5312, Қатысу коды: 1234567.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы туралы мәліметтер мен байланыс деректері:

«ECSAD» ЖШС: БСН 070440008254, заңды мекенжайы: Қарағанды қаласы, Бұқар жырау даңғылы, 86/5, 18; эл. пошта: info@ecsad.kz; тел.: 87777444459.

Құжаттаманы әзірлеуші туралы мәліметтер: Саркулова С. К. ЖК, ЖСН 820209451385, заңды мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Батыс - 2, 17В үй, 44-пәтер; эл. пошта: ip_sarkulova_sk@mail.ru, тел.: 87014848005.

Құжаттар топтамасымен бірыңғай экологиялық порталдан танысуға бола-

ды: <http://ndbecology.gov.kz>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында: <http://www.gov.kz>. Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттардың қағаз нұсқасымен алдын ала сұраныс бойынша 87014848005 телефоны арқылы танысуға болады. Қосымша ақпаратты 87014848005 телефоны және ip_sarkulova_sk@mail.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

Жобалық құжаттама мен жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қатысты ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электронды түрде <http://ndbecology.gov.kz> сайтында қабылданады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органның байланыс деректері: Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, эл. пошта: zko_forest@bko.gov.kz, мекенжайы: БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 47, тел.: 87112240976.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ49VYU00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14. Бас редактор 51-25-80. Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08. Жауапты хатшы 54-38-22. Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09. Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды. Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46 Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 8875 4 баспа табақ, Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА,**
Г. ҚОЛҒАНАТОВА

Кезекші редактор: **Т. БИСЕН**